



**Қазақстан Республикасының Үкіметі, Халықтық Жинақ Банкі, Қазкоммерцбанк, Тұран Әлем Банкі және Ислам Даму Банкінің, Сауд Аравиясы, Джидда арасындағы қаржыландырудың кең ауқымды желісі туралы келісімді жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қараша N 1668

**Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Халықтық Жинақ Банкі, Қазкоммерцбанк, Тұран Әлем Банкі және Ислам Даму Банкінің, Сауд Аравиясы, Джидда арасындағы қаржыландырудың кең ауқымды желісі туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Экономика бірінші вице-министрі Серік

Ахметжанұлы Ақановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі, Халықтық Жинақ Банкі, Қазкоммербанк, Тұран Әлем Банкі және Ислам Даму Банкінің, Сауд Аравиясы, Джидда арасында қаржыландырудың кең ауқымды желісі туралы келіссөз жүргізуге және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

Мамандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.